

**«Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ
қамқоршылық кеңесі жиналысының
№3 ХАТТАМАСЫ**

Павлодар қаласы «29» қазан 2024ж

Қатысты: Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінен – 12

Қатыспағаны: 0

Қамқоршылық кеңес төрайымы: А.Б.Рахимжанова

Кеңес хатшысы: Р.Ж.Саденова

Мүшелері:

1. Салтанат Алматовна Бердыкулова
2. Дария Канатовна Жумабекова
3. Жансауле Васильевна Мухышева
4. Алия Малгаждаровна Даирова
5. Гульмира Копкельдиновна Кажиева
6. Алия Сержановна Темиргалина
7. Меруерт Бекеновна Жуматаева
8. Ботагөз Бекмуратовна Бисултанова
9. Исаканова Гульнара Мухаметкаримовна
10. Гулим Жумагазыевна Атантаевна – Үкіметтік емес ұйымның өкілі.

Күн тәртібінде:

1. «Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрі 2022 жылғы 5-желтоқсандағы білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы №486 бұйрығын басшылыққа алып өлшемшарттар талаптарына сәйкес жүргізілген өзін – өзі бағалау туралы аттестаттау комиссиясының сараптама қорытындысы жайлы – мектеп басшысы А.Т.Бекбаева.

Тыңдалды: А.Б.Рахимжанова – қамқоршылық кеңес төрайымы.

Биыл Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі жоспарға сәйкес 2024 жылдың желтоқсан айында мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. «Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау кезеңінде тұр. Сөз өзін – өзі бағалау туралы аттестаттау комиссиясының сараптама қорытындысы жайлы есебін тыңдау үшін мектеп басшысы А.Т.Бекбаеваға беріледі.

2. А.Т.Бекбаева – мектеп басшысы.

«Білім беру ұйымдарының бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 5-желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдары кезеңі бойынша Мәшһүр Жүсіп атындағы ЖОББМ 2024 жылдың желтоқсан айында мемлекеттік аттестаттаудың өзін-өзі бағалау қорытындысын аяқтағанын атап айтты. «Білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауын

ұйымдастыру және жүргізу» бойынша әдістемелік ұсынымдар ережесінде атап көрсеткендей 2 ай бұрын педкеңес ұйымдастырылып, 2024 жылдың 30-қазан күні өткен №2 педкеңесінде «өзін – өзі бағалау» туралы құрамы 11 адамнан тұратын комиссия тағайындалып, бұйрықпен бекітілді. Мектептің өзін – өзі бағалау жұмысын дайындауда және өткізу жөніндегі комиссия мүшелерінің құжаттар топтамасын қалыптастыру үшін мектеп ұжымы тұтастай алғанда ауқымды және сапалы жұмыс жүргізді.

Әрі қарай А.Т.Бекбаева қамқоршылық кеңес мүшелерін өзін – өзі бағалауды атқару барысында жинақталған құжаттар мазмұнынымен және орындау сапасын анықтап айтты.

СӨЙЛЕДІ: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Б.Рахимжанова бағаланатын кезде Мәшһүр Жүсіп атындағы ЖОББМ қызметінің өзін – өзі бағалауын өткізу барысында өте ауқымды жауапты жұмыстар жүргізілгенін атап көрсетті.











Мемлекеттік аттестаттау кезінде бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп қызметінің барлық бағыттары көрсетілген. С.А.Бердыкулова қамқоршылық кеңесінің мүшесі ретінде жалпы сыныптарының ата – аналары атынан мектеп жұмысы туралы пікірін оң екенін атап айтты, өйткені мектептегі тәрбиеленушілердің және білім алушылардың білім көрсету жағдайы жақсы деңгейде.

Мектеп басшысы А.Т.Бекбаеваның айтуынша, мектепте барлық жағдай жасалған, жоспарлы іс-шараларды атқару жүйесі қалыптасқан, педұжым тарапынан жүйелі, сапалы жұмыс жасалуда.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Б.Рахимжанова Мәшһүр Жүсіп атындағы ЖОББМ қызметі «жақсы» деңгейде екенін атап өтті: барлық педагогтардың кәсіби педагогикалық білімі бар, біліктілік деңгейін жүйелі түрде арттырады, материалдық база жиһазбен, ноутбуктармен, интерактивті жабдықтармен жабдықталған. Тәрбиеленушілер мен білім алушылардың дамуы үшін барлық жағдай жасалған, мектеп әр тәрбиеленушіге және білім алушыға психологиялық, интеллектуалдық жағдайды қамтамасыз етеді.

Қаулы етті:

1. Мемлекеттік аттестаттау кезеңдері бойынша Мәшһүр Жүсіп атындағы ЖОББМ қызметінің өзін – өзі бағалауына сәйкес іске асырылған жұмыстары талапқа сай «жақсы» деп танылсын

Төрағасы А.Б.Рахимжанова 
С.А.Бердыкулова 
Д.К.Жумабекова 
Ж.В.Мухышева 
А.М.Даирова 
Г.К.Кажиева 
А.С.Темиргалина 
М.Б.Жуматаева 
Б.Б.Бисултанова 
И.Г.Мухаметкаримовна 
Г.Ж.Атантаева 